



Ақмола облысы

2025 жылғы 25-26 қыркүйек

Баспасөз хабарламасы

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша 2025 жылғы 25-26 қыркүйекте «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетін (бұдан әрі – Слет) Сандықтау ауданы, Сандықтау ауылы, Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы жыл бойы балалар сауықтыру лагерінде өткізеді.

Слеттің мақсаты – балалар мен жастарда азаматтылық пен отаншылдық сезімдерін тәрбиелеу, экспедициялық жасақтардың туристік қызметін жандандыру жолымен салауатты өмір салтын насихаттау, балаларды қосымша біліммен қамту.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтары негізінде ұйымдастырылған осындай жобалар арқылы біз әр баланың ең жақсы қасиеттерін ашуға, өзін біртұтас халықтың мүшесі ретінде сезінуге және туған жермен байланысын нығайтуға көмектесеміз.

Туризм – саяхат қана емес. Ол балаларға жастайынан табиғатқа бойлап, қоршаған ортаны қорғауға үйретіп, өзін үлкен біртұтастықтың бөлшегі ретінде сезінуге мүмкіндік береді. Туризм тек физикалық шыдамдылық пен рух күшін ғана емес, сонымен қатар туған жердің сұлулығы мен көптүрлілігін танып білуге, тарихи ескерткіштермен, мәдени мұрамен және халық дәстүрлерімен танысуға үйретеді.

Слетке жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары – облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық слет кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады. Слетке қатысушылар саны – 180 адам. Слетке өңірлік (мектеп, аудандық қалалық, облыстық) кезеңдерге 103 832 білім алушы қатысты.

Слетке қатысушылар өздерінің зерттеу жұмыстарын ұсынады. «Менің кіші Отаным» бағыты бойынша туған жер туралы жылы сезімге толы, шығармашылықпен дайындалған бейнероликтер ұсынылады. «Туристік маршруттар» жас туристердің ізденістері мен жаңалықтарын көрсетіп, тарихи-мәдени және табиғи мұрамен таныстырады. «Туристік кедергілер жолағы» командалардың ептілігін, батылдығын және ұйымшылдығын сынайды. «Жартаста өрмелеу» жарыстарында төзімділік, жігер мен биікке ұмтылу байқалады. Ал «Туристік әндер байқауы» Отанға, табиғатқа, достық пен бірлікке арналған әуендермен жүректерді тербетеді.

Слет – жай ғана жарыс емес. Бұл әрбір қатысушының туған жерін тереңірек түсініп, жақсы көруге, қиындықтарды жеңуден қуаныш сезінуге және жаңа достар табуға мүмкіндік береді. Слетке қатысу балалар мен жастарға бастамашылықтарын дамытып, өз өңірінде туризм мен өлкетануды дамытуға бағытталған әлеуметтік маңызды жобаларды жасау және іске асыруға қатысуға ықпал етеді.

Республикалық Слет қорытындысы бойынша 27 жеңімпаз анықталып, I, II, III дәрежелі дипломдармен (жетекшінің аты-жөні көрсетілген) және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Слеттің барлық қатысушыларына қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады:
8 (7172) 57-41-52; e-mail: nt_ekotur@mail.ru.



Акмолинская область

25-26 сентября 2025 года

Пресс-релиз

Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования по заданию Министерства просвещения Республики Казахстан проводит Республиканский слет туристских экспедиционных отрядов «Менің Отаным – Қазақстан» (далее – Слет) 25-26 сентября 2025 года в селе Сандыктау Сандыктауского района Акмолинской области, на базе Детского круглогодичного оздоровительного лагеря при управлении образования Акмолинской области.

Цель Слета – воспитание чувства патриотизма и гражданственности детей и молодежи, пропаганда здорового образа жизни путем активизации туристской деятельности экспедиционных отрядов, охват детей дополнительным образованием.

Именно через такие проекты, основанные на ценностях программы «Біртұтас тәрбие», мы помогаем каждому ребенку раскрыть свои лучшие качества, почувствовать себя частью единого народа и укрепить свои связи с родной землей.

Туризм – это не просто путешествия. Это возможность для детей с самого юного возраста погрузиться в природу, научиться бережно относиться к окружающей среде и почувствовать себя частью чего-то большего. Туризм формирует не только физическую выносливость и силу духа, но и учит познавать красоту и многообразие родного края, открывая мир исторических памятников, культурного наследия и народных традиций.

В Слете примут участие обучающиеся организаций общего среднего и дополнительного образования – победители областных, городов Астана, Алматы и Шымкент этапов Слета. Количество

участников Слета – 180 человек. В региональных этапах (школьный, районный городской, областной) Слета приняли участие 103 832 обучающихся.

Участники Слета представят свои исследовательские работы. В номинациях «Моя малая родина» представят видеоролики о своей земле, наполненные теплом и творчеством. «Туристские маршруты» познакомят нас с историко-культурным и природным наследием, отражая поиски и открытия юных туристов. «Туристская полоса препятствий» проверит ловкость, смелость и сплочённость команд. В соревнованиях по «Скалолазанию» проявятся выносливость, сила духа и стремление к вершинам. А «Конкурс туристских песен» наполнит сердца светлыми мелодиями о Родине, природе, дружбе и единстве. Каждая из этих номинаций – это школа жизни, которая формирует всесторонне развитую личность, воспитывает бережное отношение к природе и любовь к Родине.

Слет – это больше, чем просто соревнование. Это возможность для каждого участника глубже понять и полюбить свой родной край, ощутить радость от преодоления трудностей и обрести новых друзей. Участие в Слете помогает детям и молодежи развивать инициативу, принимать участие в создании и реализации социально значимых проектов, направленных на сохранение и развитие туризма и краеведения в своем регионе.

По итогам проведения Республиканского Слета будут определены 27 победителей, которые будут награждены дипломами I, II, III степени с указанием Ф.И.О. руководителя, и ценными призами, Всем участникам Слета будут вручены сертификаты.

За дополнительной информацией обращаться по телефонам:
8(7172) 57-41-52; e-mail: nt_ekotur@mail.ru.